



Пед кеңесте  
№ 2 хаттамасы  
«17» қазан 2022

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 жылдың қазан айына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек» МДҰ

Топ/сынып «Айгөлек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет   | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-----|-----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | <b>Дене шынықтыру</b>       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|     | <b>Сөйлеуді дамыту</b>      | <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br>Дағдыларды қалыптастыру:<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;                                                                                                                                                                                                                                                     |
|     | <b>Көркем әдебиет</b>       | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                 |
|     | <b>Математика негіздері</b> | Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету; көп – біреу (біреу - көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бір неше бірдей затты табу, «қанша?», «неше?» сұрағына жауап беру.                                                                                       |
|     | <b>Құрастыру</b>            | <b>Құрылыс материалдарынан құрастыру.</b> Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.                                                                                                                                                                                         |
|     | <b>Сурет салу</b>           | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жаұсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
|     | <b>Мүсіндеу</b>             | Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын                                                                                                                                                 |

|                                   |                                                                                                                                                                                                                              |
|-----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                   | калыптастыру                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Жапсыру</b>                    | Қағаз бетінде көлемі, түсіг пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. |
| <b>Музыка</b>                     | Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай алу дағдысын қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Балалар аспаптарының музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.                  |
| <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> | Отбасылық суреттерді карауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым – қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.                                    |